

«Бекітіді»
«Атырау облысы Білім беру басқармасының
Атырау қаласы білім бөлімінің
«Шағала» бөбекжай-бақшасы КМҚК
менгерушісі *Г.А.Джанжолова* Г.А.Джанжолова
2021 жылғы «31» тамыздағы
педагогикалық кеңес шешімімен

**«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің
КМҚК«Шағала» бөбекжай-бақшасы»
Ересек №1 «Ботақан» тобының
«Ертегілер әлемінде»
2021-2022 оқу жылындағы вариативтік компонент жоспары.**

Түсіндірме жазба

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиеленудің құралы әдебиет,оның ішінде көркем әдебиеттің көне жанры – ертегі.

Ертегінің көркем де жеңіл тілі баланың қиялына қанат бітіріп, арманын асқақтатып,еңбексүйгіштікке,адалдыққа,батылдыққа,тәрбиелейді. Сол себепті мектепке дейінгі балаларға ертегі оқу арқылы сөйлеуге,өз ойларын әдемі жеткізіп баяндауға, тыңдағанын есте сақтап,мазмұндап айтуға үйрету.

Балалардың білуге құмарлығы зор. Олар құбылтып айтқан ертегі,әңгімені сүйсіне тыңдайды.

Балалардың дүниетанымын байыту, қоғамдық өмір туралы ұғымдарын кеңейту, эстетикалық сезімдерін ояту жүзеге асырылмақ. Ертегілер-халқымыздың тұрмыс- салтын, арман-үмітін, өткен өмірін кеңінен танытатын ауыз әдебиеті үлгілерінің көлемді салаларының бірі. Ертегілердің білім мен тәрбие беру саласында маңызы өте зор. Мектеп жасына дейінгі балаларға ертегілерді оқып беру арқылы адамгершілікке тәрбиелеуге болады. Әрбір ертегіні оқып беріп, таныстыру арқылы танымдық қабілеттерін арттыруға болады.

Баланың ертегі сюжетіне әсерленуі, кейіпкерлердің қиыншылықтарына алаңдауы оның келешекте өз алдына пайда болатын кедергілерден қиналмай өтуіне іштей дайындығын тудырады. Баланың жақсылық пен жамандықты айыруына, мінез-құлықтық стереотиптерді тануына көмектеседі. Бала тәрбиесінде үлкен орын алатын мәселенің бірі- балалардың тілін дамыту. Бала тілін дамытуда халық ауыз әдебиетін жүйелі түрде пайдалана білу баланың санасын арттыра отырып, түсінігін кеңейтіп, ұғымын байыту. Театрланған қойылымдар арқылы мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру.Сонымен қатар , баланың ойлау белсенділігі артады, өз бетімен жұмыс түрі дамиды, өз ойын еркін жеткізе алады.

Қорыта келгенде ертегі терапиясы балалардың көркем қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай оларды тұлға арқылы қарым қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады. Қалай десек те ертегі балалар үшін мереке, демалыс орны.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Күні
1.	«Бақша ағаштары»	Мақсаты: Ертегі тыңдап,оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету. -көркем әдебиеттердің ерекшеліктері туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру; - әдебиетті тыңдау және айтып беру қажеттіліктерін қалыптастыру; -балаларды тыңдау,салыстыру, жалпылау, ақпаратты жүйелеудің қарапайым тәсілдерімен таныстыру.- табиғат нысандарын бақылау және қарапайым қортынды шығару дағдыларын дамыту.	2	1.09.21ж 8.09.21ж.
2.	«Мақта қыз бен мысық»	Мақсаты: Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету. Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.	2	15.09.21ж. 22.09.21ж.
3.	«Күшік пен мысық»	Мақсаты: Ертегі мұқият тыңдай білуге, өз түсініктері бойынша айта білуге үйрету. сөздік қорларын молайту, тілдерін дамыту.Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.	2	6.10.21ж. 13.10.21ж.
4.	«Түлкі мен тырна»	Мақсаты: Ертегі тыңдап,оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету.	2	20.10.21ж. 27.10.21ж.
5	«Қызыл телпек»	Мақсаты: Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру	2	3.11.21ж. 10.11.21ж.
6	«Дос іздеген бота»	Мақсаты: Балалардың әңгіме желісіне байланысты сөлей алуға.Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету. ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Әдепті болуға үйрету.	2	17.11.21ж. 24.11.21ж.
7	«Алтын балта»	Мақсаты: Балаларға алтын балта ертегісімен таныстыру.Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-оимылдарын, көрсете алуға үйроету.Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.	2	8.12.21ж. 15.12.21ж.
8	«Мақтаншақ қоян»	Мақсаты: Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру.	2	22.12.21ж. 29.12.21ж.
9	«Түлкі мен ешкі»	Мақсаты: Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелу.Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру	2	5.01.22ж. 12.01.22ж.
10	«Әдеп»	Мақсаты: Сабақ барысында балалардың әңгіме желісіне байланысты сөлей алуға. Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету. ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Әдепті болуға үйрету.	2	19.01.22ж. 26.01.22ж.
11	«Тышқанның өсиеті»	Мақсаты: Ертегі мазмұнын толық білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-қиялын, сөздік қорын дамыту. Достық қарым-қатынасқа, қамқорлыққа тәрбиелеу.	2	2.01.22ж. 9.02.22ж.
12	«Үш аю»	Мақсаты: Балаларды ертегі желісіне айланысты суреттерді орналастыруды үйрету. Ертегі желісі туралы түсініктері артыру. Ертегі желісін түсініп тыңдай білуге тәрбиелеу	2	16.02.22ж. 23.02.22ж.

13	«Мақтаншақ бақа»	Мақсаты: Ертегі мазмұнын толық білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-қиялын, сөздік қорын дамыту. Достық қарым-қатынасқа, қамқорлыққа тәрбиелеу.	2	2.03.22ж. 9.03.22ж.
14	«Бір уыс мақта»	Мақсаты: Мақта туралы білімін арттыру Есте сақтау қаблетін дамыту Кез келген затты ысырап жасамай пайдаға жарату, әрқашанда көмектесе білуді.	2	16.03.22ж. 23.03.22ж.
15	«Күн, ай және әтеш»	Мақсаты: Ертегіні тыңдай білуге, өз түсінгенін ойын жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қаблеттерін дамыту. Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу, баулу, жаман қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.	2	6.04.22ж. 13.04.22ж.
16	«Құмырсқаның серуені»	Мақсаты: Балалар халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы артыру.Балалардың ойлау қабілетін,есте сақтау қабілетін дамыту. Адамгершілікке,үлкенді тыңдай білуге тәрбиелеу.	2	20.04.22ж. 27.04.22ж.
17	«Үш торай»	Мақсаты: Үш торай туралы білімдерін толықтыру.ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту.адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу	2	4.05.22ж. 11.05.22ж.
18	«Жеті лақ»	Мақсаты: Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету. Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.	2	18.05.22ж. 25.05.22ж.
	Барлығы:		36	